

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 желтоқсандағы N 1189 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) *Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.23 N 1654 Қаулысымен*

2) "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 49, 627-құжат):

1 - қ о с ы м ш а д а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Халқының саны 400000 адамнан аз облыстық маңызы бар қалалар әкімдері орынбасарларының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс. Халқының саны 400000 адамнан астам облыстық маңызы бар қалалар әкімдері орынбасарларының шекті саны 4 бірліктен аспауы тиіс.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Халқының саны 250000 адамнан аз аудандар әкімдері орынбасарларының шекті саны 3 бірліктен аспауы тиіс. Халқының саны 250000 адамнан астам аудандар әкімдері орынбасарларының шекті саны 4 бірліктен аспауы тиіс.";

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 және 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1107 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымында:

1) "Облыстық әкімдік" деген 1-бөлімде:

үшінші, төртінші және бесінші абзацтар алынып тасталсын;

2) "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі" деген 2 - б ө л і м д е :

алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтар алынып тасталсын;

3) "Ауданның және облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі" деген 3-бөлімнің 3) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК